

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Мен және табиғат. Ү дыбысы мен әрпі

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.11.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/85885/>

Сауат ашу Күні: Сынып: 1	Мектеп: №34 орта мектебі Фазизова Атлас Қамбарқызы	
Сабақтың тақырыбы	Мен және табиғат. Ү дыбысы мен әрпі.	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту 1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту 1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	
Сабақтың мақсаттары	Ү дыбысы мен әрпімен таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру, үйрету. Балалардың сөйлеу мәнерін, сөздік қорларын байыту. Білімге деген қызығушылығын қалыптастыру, сауатты жазуға тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтижелер	Барлығы: Жаңа білімді меңгереді. Көбі: Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. Кейбірі: Алған білімді өмірде қолдана алады.	
Құндылықтарды дарыту	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.	
Пәнаралық байланыс	Математика, дүниетану	
АКТ қолдану дағдылары	Аудиожазба, таныстырылым.	
Тілдік құзыреттілік	Ү дыбысы мен әрпі.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру (7 минут)	Психологиялық ахуал Мен мықтымын, Мен күштімін. Жүйрік болар қыранымын Тәуелсіз елдің ұланымын. Топқа бөлу. Оқушылар 4 топқа бөлінеді. Өткенді пысықтау «Гүл теру» ойыны -Дыбыс дегеніміз не? -Әріп дегеніміз не? — Дыбыстар нешеге бөлінеді? -Дауысты дыбыстар қалай айтылады? -Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады? -Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді? -Жуан дауысты дыбыстарды ата? -Жіңішке дауысты дыбыстарды ата?	Шаттық шеңбері гүлдер

